

## БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

## Кітап-құндылық

ЖАРИЯЛАНДЫ  
09.03.2023СІЛТЕМЕ  
<https://bilimger.kz/133937/>

Кітап-рухани жанымызды қалыптастыратын құндылық. Ол ата-бабаларымыздың келер ұрпаққа сыйға тартқан асыл мұрасы деп білеміз.

Қара сиямен қағаз бетіне түсірілген әрбір еңбек бағалы. Ал қазіргі жас буын сол қазынаның қадірін білер ме?

Жылдар өтіп заман өзгерген сайын адам баласы даму үдерісінде. Ол дамуға әсер етуші кітаппа, әлде ғаламторда сайраған тұрақсыз ақпараттар ма?

Қазіргі озық технологиялардың арқасында адам өміріндегі мәселені шешу жолында әртүрлі желілердегі блогерсымақтардың бір-екі жылдық тәжірибиесінен жауап алады. Ал кітаптан ше? Кәдімгі кітапхана сөресінде тұрған кітап. Біз ашыққанда азығымыз болатын, мына кең дүниені саяхаттап емес, оқу арқылы аралайтын, адам таудың биік нүктесіне қалай қиналып мінсе, ұлы жазушылардың шығармаларының шыңына солай жеткенде ғана кітаптың қасиетін түсініп, сан жылдар бойы іздеген жауабын табар ма еді.

Өскелең ұрпақтың еріншектігі ме әлде жұмысбастылығынан ба, кітап оқуға қолдары босай бермейді. Мүмкін бұрынғы мұра болып қалған кітаптар жастарды қызықтыра алмауында ма?

Бақытжан Бұқарбай өзінің "Күміс Кітап" еңбегінде: "Кітап дегеніміз-өткен замандарда өмір сүрген адамдардың келер ұрпақпен тілдесу, сырласу құралы. Мың жерден тырысып бақсаң да, өткен дәуірлердің атмосферасын, ерекшеліктерін, ол кезде өмір сүрген адамдардың менталитетін ұғына алмайсың." деп жазған. Демек жастарға өздері түсінетін шығармалар қажет болғаны ма?

Шыны керек, қазір ойлап қарасақ Абай жолы өз заманына сай тілде жазылған, ол оқушылар мен студенттер үшін ауыр шығар. Дегенмен кітап жазу Абайдың заманында қалып қойған жоққой! Бүгінгі күнде, әлеуметтік жағдайымызға сай, өзіміз түсінетін, дамиды қаншама кітаптар жарық көріп жатыр. Оқимын деген кез-келген адамға мүмкіндіктер көп.

Иә,қазір үйден шығып кітапхана араламай-ақ ,электронды кітаптар мен ғаламтор арқылы оқитын сайттар бар.Ғаламтор желісінің дамуы арқасында 2021 жылы 2,1миллион оқырман кітапхананың онлайн-ресурсын пайдаланған делінеді.Алайда ұялы телефонның а, ,компьютердіңде тұтынушыға түбінде зиян келтіретіні анық.

Кітапты көп оқысақ қана санамыз дамиды,ой өрісіміз кеңейеді.Мейлі жүз кітап ,мейлі екі жүз кітап оқы ,әліде ештеңе білмейміз ,білімнің терең нүктесін таппаймыз.Кітаптағы білім — шексіз.Адам-уақытша.

Автор:Темірболат Ақерке Жандосқызы

Мамандығы:Журналистика және репортер ісі.1 ші курс

**ҚМ АА** Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.